

# RoboLand 2018

**IV-ші ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РОБОТ ТЕХНИКАСЫ, БАҒДАРЛАМАЛАУ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФЕСТИВАЛІ**

# ЖАРЫС ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ЖАДЫНАМАСЫ

**Қарағанды қ.**
**2018 жылдың 30-31 наурызы**

# ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ!!!

**+7 777 201 76 75**

**2018 жылдың 25 наурызынан 1 сәуіріне дейін**

**Ұйымдастыру комитетінің байланыстары::**

Тел/факс: +7 (7212) 41 51 94
Ұялы тел: +7 705 303 3863
+7 701 903 8617
E-mail: roboland.kz@gmail.com

## ЖАРЫСТАР ӨТКІЗІЛЕТІН ОРЫН

Фестиваль «Жастар» спорт кешенінде, «Шахтер» стадионы аумағында өткізіледі, мекенжайы: Қарағанды қ., Казахстанская көшесі, 1.
Темір жол вокзалынан жолға автомашинамен кететін уақыт шамамен – 10 минут.



# ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕР ҰСЫНУ

Қатысуға өтінімдер ұсыну 2018 жылдың 1 ақпанынан бастап фестивальдің келесі ұсынылған сайтында жүзеге асырылады: **www.roboland.kz**. Көрсетілген уақыттан кейін қатысушылардың деректер базасына тексеру бойынша жұмыстар жүргізілетін болады. Өтініш – барлық деректерді мұқият және дұрыс толтырыңыздар, өйткені олар хаттамаларға, дипломдарға және сертификаттарға автоматты түрде енгізілетін болады. Егер, сіз өтінішті бергенде дәлсіздікті байқаған болсаңыз, ұйымдастырушыларға келесі мекенжайға жазыңыз: **roboland.kz@gmail.com**.

Бір қатысушының тек бір санат бойынша бір команда үшін ғана қатыса алатынын ескерулеріңізді сұраймыз. Егер, сіздер өтініштерді беру кезеңінде бір қатысушыны біреуден артық санатқа қосқан болсаңыз, онда екінші немесе одан кейінгі санаттарға қорытынды тіркеу барысында, ол бұғатталатын болады және команда одан арғы жарыстарға қатыса алмайтын болады.

Егер, сіз жарысқа қатысуға арналған өтінішті уақытылы беріп үлгермесеңіз, және сіз таңдаған санат толықтай жабықтардың тізбесінде

# ӘУЕЖАЙДА, ТЕМІР ЖОЛ ВОКЗАЛЫНДА НЕМЕСЕ АВТОВОКЗАЛДА КҮТІП АЛУ

Қарағанды облысын ұсынатын жарыстар қатысушылары, орналастыру орнына өздері келеді. Барлық ұйымдастырушылық сұрақтарды алдын-ала аудандық, қалалық немесе облыстық білім беру басқармасымен немесе білім беру ұйымы, клуб, орталық және т.б. әкімшілігімен келісілуі қажет.

Қазақстанның басқа аймақтарынан және басқа мемлекеттерден келетін жарыс қатысушылары еріктілердің қолдауымен қамтамасыз етіледі. Егер, сізбен алдын-ала, келетіннен кем дегенде үш күн бұрын байланыспаса, ұйымдастырушыларға бұл туралы жазыңыз және өзіңіздің барлық деректеріңізді көрсетіңіз. Біз бұл деректерді сіздің еріктілеріңізге беретін боламыз.

Еріктілер жарыс қатысушыларын темір жол немесе авто вокзалдарда күтіп алады, орналасу орнына дейін жетуге көмектеседі. Бұдан бөлек таңғы ас, түскі ас және қажет болған жағдайда кешкі асты жеткізу ұйымдастырылатын болады. Еріктілердің әрбір командасы Қарағандыдағы болған кездегі мәдени бағдарламаны ұйымдастыру үлгісі мен мүмкіндігін өздіктерінен айқындайды.

Әуежайға келетін командалар, электронды пошта бойынша ұйымдастырушыларға өздерінің ұшу деректерін хабарлаулары қажет. Уақытылы хабарланған жағдайда, біз сізді әуежайдан күтіп алуды ұйымдастыратын боламыз.

Келу, орналасу және тамақтану мәселелерін өздіктерінен шешетін командалардан, жарыстарды өткізу орнына уақытылы келулерін, ал сұрақтар пайда болған жағдайда ұйымдастырушыларға жүгінулерін сұраймыз.

## ОРНАЛАСТЫРУ

Ұйымдастырушылар сұраныс бойынша қатысушылардың мүмкін болатын орналасулары үшін қонақ үйлер тізбесін ұсынады. Бұдан бөлек, қатысушыларға ұсынылатын болатын, қосымша қымбат емес орындар дайындалатын болады. Егер, сізге алдын-ала орналастыру бойынша ақпарат ұсынылмаған жағдайда біздің электронды поштамызға жазыңыздар немесе еріктілерге хабарласыңыздар.

## ТРАНСФЕРЛЕР

Орталықтандырылған орналастырылатын барлық командалар, орналасқан орнидарынан «Жастар» спорттық кешеніне дейінгі және кейін ұйымдастырушылар анықтаған бағдар және кесте бойынша трансфермен қамтамасыз етілетін болады.

Жарыстардың барлық қатысушылары үшін ұйымдастырушылар айқындаған тамақтану орындарына түскі асқа трансфер ұсынылатын болады.

## ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУҒА ТІРКЕУ

Қатысушылар фестивальға қатысуға келген жағдайда, сайттағы өтінімді берген жағдайдағы алынған QR кодты көрсете отырып жарысқа қатысуға тіркеуден өтулері қажет. QR код басылып шығарылған қалыпта, ұялы телефонда немесе планшетте ұсынылуы мүмкін. Қатысушыларда және олардың өкілдерінде жеке басты куәландыратын құжаттары және сыныпты көрсететін оқу орнынан анықтама болулары қажет.

Келуді тіркеу рәсімі 30-31 наурыз күні бойына жүзеге асырылатын болады.

**30 наурызда 8.00-ден 9.00-ге дейін келесі санаттар үшін:**

FirstTechChallenge, Roboland-Kazakhstan, STEM ROBOT MOUSE, VEX IQ ChallengeRingmaster, Виртуальды шынайылық, Пазлдар, Механикалық сумо, Билер, A, B Шығармашылық санаты.

**30 наурызда 14.00-ден 15.00-ге дейін келесі санаттар үшін:**

FirstLegoLeagueJunior, FirstLegoLeague, Лабиринт, Боттар, Роботты жина, A, B Интеллектуалды сумосы, Басқарылатын роботтардың футбол ойыны.

**31 наурызда 08.00-ден 09.00-ге дейін келесі санаттар үшін:** VEXRoboticsCompetitioninZone, 3D болашақ инженерлері, Бастаушыларға арналған кегельринг, Басқарылатын квадрокоптерлердің маневр жасауы, Судағы роботтар полигоны, ABSOLUTE Раллиі, Жаңадан бастаушыларға арналған сызық бойынша жүру.

**31 наурызда 13.00-ден 14.00-ге дейін келесі санаттар үшін:** Кегельринг-квадро X2, Кегельринг квадро A/B, GRAND Сумосы, A, B жалғастырушыларға арналған сызық бойынша жүру, Автономды роботтардың футбол ойыны.

КОМАНДАНЫ КОМАНДАНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ ТІРКЕЙДІ.

FTC санаттары қатысушылары инженерлік кітаптарды келген күні, яғни 29 наурызда 16.00-ден 18.00-ге дейін «Жастар» спорт кешенінде тапсыру қажет.

## ІССАПАРЛЫҚ КУӘЛІКТЕР

Іссапарлық куәліктерге спорттық кешеннің кіреберістен ең алыстағы трибунасында «Ұйымдастырушылар» секциясында белгі қойылатын болады.

## ТҮСКІ АСТАР, ТАМАҚТАНУ

Жарысқа қатысушыларға арналған түскі ас жақын маңда орналасқан асханаларда ұйымдастырылатын болады. Қатысушылар түскі ас ішу орнына және кері жарыстар өткізілетін орынға белгілі бір аралықтармен бағдар бойынша қозғалатын автобустармен жеткізілетін болады. Автобустардың қозғалыс кестелері командаларға ұсынылатын, сонымен қатар спорттық кешенге кіреберістегі анықтамалық бағанда орналастырылатын болады. Түскі астың құны шамамен 500 тг.

Спорттық кешеннің ғимаратында жеңіл-желпі басытқылар, ыстық және салқын сусындарды сатып алуға болады.

## САҚТАУ КАМЕРАСЫ, ГАРДЕРОБ

Спорттық кешенде киімді және аяқ киімді тапсыруға болатын бірнеше гардероб жұмыс істейтін болады. Нөмірлерді мұқият сақтаңыздар. Ұйымдастырушылар қараусыз қалдырылған заттар үшін жауапкершілік алмайды, бірақ фестиваль қатысушыларының заттарының жоғалуларының алдын-алудың барлық шараларын қарастырады.

Сонымен бірге, спорттық кешеннің ішінде бір уақытта қатысушылардың, келушілердің және қонақтардың өте үлкен мөлшерінің болатынын ескеру қажет. Ұмытылып кеткен затты тауып алу жеткілікті түрде қиынға түседі. Жоғалған жағдайда ұйымдастырушыларға хабарласыңыздар.

Ноутбуктар мен робот техникасы жиынтықтарын сақтау үшін жеке сақтау камерасы ұйымдастырылатын болады. Кезекшілерден олардың орналасқан орындары жайында сұраңыздар.

# СУВЕНИРЛЕР

Әрбір қатысушы және команданың өкілдері фестиваль жайында шағын сувенирлер алатын болады. Қосымша ұлттық сувенирлерді жарыстар өтетін залдағы киосктен сатып алуға болады.

# ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ, ГРАМОТАЛАР ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАР

Жарыстардың қатысушыларын марапаттау LED-экран алдындағы орталық алаңшада фестиваль бағдарламасына сәйкес күніне бірнеше рет өткізіліп отыратын болады.

Жарыстар қатысушыларының сертификаттары, жарыстардың әрбір санаттары аяқталған сайын тапсырылып отыратын болады. Сертификаттарды командалардың жетекшілері алатын болады.

Жеңімпаз командалар арнайы кубок алатын болады. Жеңімпаз команданың әрбір мүшесі тиісті санаттағы диплом мен медаль, сонымен қатар бағалы сыйлық алатын болады.

Жеңімпаз команданың өкілдері айрықша сертификаттар алатын болады.

Фестивальдің демеушілері де арнаулы жүлделер мен грамоталар қарастырулары мүмкін.

# ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚАЙТУЛАРЫ

Өздеріңіздің темір жол немесе автовокзалына трансферлеріңіз мәселесін өздеріңіздің еріктілеріңізбен уақытылы шешулеріңізді сұраймыз.

